

Үздік университет – үздік тұлғалар

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қашан да Қазақстан элитасының ошағы. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев атап көрсеткендей, ҚазҰУ – «жаңа Қазақстанның білімі мен ғылымының көшбасшысы». 80 жылдан астам тарихында оқу ордасы қоғамның барлық саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың сан мыңдаған армиясын дайындап шығарды. Университет жұмысының айқын көрсеткіші табысты тұлғалар деп санайтын ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанұлының бастамасымен ҚазҰУ-да биыл жетінші рет Тұлғалар күні аталып өтті.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

1992 жылдың 4 маусымында Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі тәуелсіз Қазақ елінің Мемлекеттік рәміздері – ту, елтаңба және әнұранды бекітті. Содан бері бұл күн – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні болып мерекеленеді. Мемлекеттік рәміздер – әрбір дербес мемлекеттің ажырамас бөлігі, мемлекеттіліктің символы болып табылады. Мемлекеттік рәміздерді бекіту үшін 1992 жылдың қаңтар айында арнайы жұмыс тобы құрылады. Жұмыс тобы мемлекеттік рәміздерге бәйге жариялап, ең үздік жұмыс жобаларын таңдап алды. Тек қана Мемлекеттік тудың 453 нұсқасы талқыланып, 142 хат қаралды. Бейбітшілік пен тұтастықтың белгісі ретінде байрақ үшін көгілдір түс таңдалады. Бірнеше талқылаулардан кейін суретші Шәкен Ниязбеков салған Мемлекеттік тудың жобасы бекітілді.

Жалғасы 6-бетте

МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ И АЛЬ-ФАРАБИ

Отличительной чертой современного развития мира является обострение глобальных проблем. Стремительное распространение экстремизма и терроризма, этнополитические конфликты, экономический кризис, загрязнение окружающей среды стали реалиями негативно влияющими на устойчивое развитие мира и сохранение цивилизации.

В программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Президент страны Н.Назарбаев говоря о новой глобальной реальности подчеркнул, что «общественное сознание требует не только выработки принципов модернизации, но и конкретных проектов, которые могли бы позволить ответить на вызовы времени». В этой важной работе особое место отводится академическому сообществу и университетам.

В сентябре в Нью-Йорке (США) в преддверии заседания Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций Альянс Цивилизаций ООН и КазНУ им. аль-Фараби откроют специальную секцию «Аль-Фараби – философ цивилизаций». Об этом была достигнута договоренность в ходе недавнего визита Верховного представителя Альянса Цивилизаций ООН Насир Абдулазиз Аль-Насера в КазНУ им. аль-Фараби.

В основу инициативы заложена ключевая идея Аль-Фараби о том, что «...только через объединение и взаимопомощь людей и народов можно обрести счастье...». Встреча высокого международного уровня будет посвящена философским идеям величайшего мыслителя Востока Абу Наср аль-Фараби, их влиянию на развитие цивилизации.

Продолжение на 2-стр.



Мәртебелі тұлғалармен мерейі үстем болған ұлттық университетте мамырдың соңғы сенбісінде Тұлғалар күнін дүркірете тойлау игі дәстүрге айналған. Бұл күн – ұрпақ сабақтастығының, олардың бірлесуінің және тұлғалар бауырластығының озық дәстүрлері жалғастығының символы.

Бұл жылғы мерекенің ерекшелігі – еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған әр жылдардағы тұлғалар алғаш рет «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының алдына жиналды. Білім ошағының үздік тұлғаларының тікелей демеушілігімен бой көтерген сәулет кешені – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясын бейнелеп тұратын қалашықтағы жаңа архитектуралық кешеннің негізгі бөлігі. Қазақстанның халық жазушысы Олжас Сүлейменов студенттер мен тұлғалар қақпасын «бұл – жастарды білімге жетелер алтын қақпа» деп атаса, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек «университет жетістіктерінің символикасы» деп бағалаған болатын.

Туған университетке сағынышын аркалай келген тұлғалар салтанат қақпасынан кейін қалыптасқан дәстүр бойынша Шығыстың ұлы ойшылы Әбу-Насыр әл-Фараби ескерткішіне тағзым етіп, академик Ә.А. Жолдасбеков монументіне гүл шоқтарын қойды.

ЭКСПО-2017 дүниежүзілік көрмесі қарсаңында университетте ашылған «Жасыл технологиялар» орталығын аралау барысында тұлғалар танданыстарын жасырмады. Олардың айтуынша, орталықта гидро және биогаз энергетикасы, геотермалдық, күн, жел сияқты қуат алудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы «жасыл энергетика»

жобаларының жүзеге асырылып, ғылымды қажетсінетін инжиниринг негізінде мамандардың даярлануы – нағыз заман сұранысы.

Қазіргі таңда ҚазҰУ кампусы аумағында экологиялық тұрақты әрі қолайлы «жасыл» орта қалыптастырылуда. Суы тазаланатын арнайы құрылғылармен жабдықталған «Кереңқұлақ» өзенінің сағасын ретке келтіру жұмыстары аяқталуға шақ. Өзен суы қолдан жасалған «Аквапоника» экожүйесінде қолданылатын болады. Бұл студенттер, университет қалашығының қонақтары мен Алматы қаласы тұрғындары демалатын бірегей орын ғана емес, білімгерлерге бағалы әрі әдемі балықтар мен өсімдіктерді өсіріп, оларға күтім жасауды үйрететін тәжірибелік база болмақ.

Университет өміріндегі тың жаналықтармен танысқан соң тұлғалар қауымы жүректелі тебіреніспен Ә. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайындағы салтанатты шараға бет алды. Жиынды ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ашты. Ол: «Тұлғалар күнін тойлау идеясы – Елбасы рухани жаңғыруға байланысты мақаласында айтқан «Туған жер» бағдарламасымен үндес. Мемлекет басшысы атап өткендей, патриотизм кіндік қаның тамған жеріне, өскен ауылына, қалаң мен өңіріне, яғни туған жеріне деген сүйіспеншіліктен басталады. Сен оқыған, өміріңнің ең қызықты студенттік кезеңін бастан кешкен, өмірлік ісіңнің іргетасы болып табылатын білімді алған туған университетіне деген ерекше қарым-қатынас – бұл да жалпыұлттық патриотизмнің маңызды қыры», – дей келе, тұлғаларға ерекше ризашылығын жеткізді.

Жалғасы 3, 8 беттерде

БҮГІНГІ САНДА:

ҚАЛА ӘКІМІ – ҚАЗҰУ-ДА



2-бет

БОЛАШАҚҚА БАТЫЛ ҚАДАМ



4-бет

КАК ХОЧЕТСЯ ВЕРНУТЬСЯ В ДЕТСТВО!



7-стр.

Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек бастаған бір топ қоғам қайраткерлері ҚазҰУ-дың Жағдаяттық басқару орталығы жұмысымен танысты.

Қала әкімі – ҚазҰУ-да



жүйелерінің желілерімен таныстырып өтті. Сонымен қатар институт директоры студент жайлы толық ақпарат алу, оқу үлгерімі мен сабаққа қатысу барысын көрсетті. Оның баяндауынша, студентке қатысты барлық дерек пен мағлұматтар Жағдаяттық басқару

орталығындағы цифрлы технология бойынша жасалған жүйеде сақталады. Кез келген ата-ананың Жағдаяттық басқару орталығынан өз баласының оқу үлгерімі жайында ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

ПОЗДРАВЛЯЕМ

УЧЕНЫЕ КАЗНУ СТАЛИ АКАДЕМИКАМИ НАН РК

В Национальной академии наук Республики Казахстан (НАН РК) избрали академиков и членов-корреспондентов.

Решением общего собрания Национальной академии наук Республики Казахстан звание академика НАН РК по специальности «Химия» было присвоено доктору химических наук, профессору, первому проректору КазНУ Мухамбеткали Буркитбаеву. Звание академика по специальности «Физика» был удостоен доктор физико-математических наук, профессор, проректор по научно-инновационной деятельности Тлеккабул Рамазанов. Академиком по специальности «Биология» стал кандидат биологических наук, профессор кафедры генетики и молекулярной биологии, директор научно-исследовательского института проблем биологии и биотехнологии КазНУ Амангельды Бисенбаев. Звание члена-корреспондента по специальности «Биология» присвоено доктору биологических наук, профессору, декану факультета биологии и биотехнологий Болатхану Заядану.

Коллектив КазНУ сердечно поздравляет коллег с высоким признанием и ученым званием НАН РК. Желаем крепкого здоровья и дальнейших успехов!

Продолжение. Начало на 1 стр.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ И АЛЬ-ФАРАБИ

Сегодня его мировоззрение и идеи особенно актуальны и могут помочь человечеству в преодолении глобального духовного кризиса и построении современного добродетельного общества.

На мероприятии будет дан старт уникальному международному проекту «Формирование граждан добродетельного общества», целью которого является объединение университетов в продвижении и распространении среди молодежи идей мира, добра и справедливости, заложенных в трудах Аль-Фараби.

Глубокое изучение и популяризация наследия Аль-Фараби, ставшего мостом философской мысли между Востоком и Западом позволит объединить академическое сообщество в поиске путей решения глобальных проблем. Для этого при Альянсе Цивилизаций ООН планируется открытие постоянно действующего отделения по изучению Аль-Фараби. Сейчас такие научные центры аль-Фараби успешно действуют в Стамбульском и Иорданском университетах.

Альянс Цивилизаций ООН и КазНУ подписали меморандум о сотрудничестве и выступили с инициативой объявить 2020 год - годом Аль-Фараби под эгидой ЮНЕСКО, проведения мероприятий в честь 1150-летнего юбилея великого философа на мировом уровне.

Соб. корр.

«Жасыл технологиялар» орталығы ашылды

Әлемдік деңгейдегі «ЭКСПО-2017» шарасы қарсаңында еліміздің жетекші оқу орны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Алматы қаласы әкімдігі өкілдерінің қатысуымен «Жасыл технологиялар» орталығы ашылды.

Шара аясында «жасыл технологиялар» аймағы мен «Аквапоника» кешенінің тұсаукесері өтіп, ҚазҰУ технопаркінде университет студенттері мен ғалымдарының ғылыми жобалары және зерттемелері таныстырылды.

«Жасыл технологиялар» орталығы қуат алудың түрлі технологиялары: жел, күн, гидро- мен геотермалдық, биогаз және сутектік энергетиканы қолдану арқылы «жасыл энергетика» бойынша инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін «Шағын ЭКСПО» рөлін атқарады. Осы мақсатта орталық аумағында жылу сорғысы, биогаз алу құрылғысы, сутектік және желдік генератор сынды барлық қажетті баламалы қуат көздерінің қызметі біріктірілген.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Әлемдік «ЭКСПО-2017» көрмесі – Елбасының ірі жобасы. Бұл шараның мақсаты – жана әрі «жасыл» технологияларды енгізу арқылы Қазақстанның дамуына ерекше серпін беру. Сондықтан біз алдыңғы қатарлы университет ретінде «жасыл технологиялар» аймағын құрдық», – деп атап өтті. Университет басшысының айтуынша, мұнда студенттер жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдерін игеріп, зерттеу жұмыстарымен айналысатын болады. Орталықта заманауи технологиялар мен ғылымды қажетсінетін инжиниринг негізінде жаңа формация мамандарының тәжірибелік дайындығы жүргізілуде. Сондай-ақ университетте қазіргі таңда жаңғыртылатын



энергетика бойынша бірнеше жаңа технологиялар енгізілген.

«Plant Factory» (Өсімдіктер фабрикасы) инновациялық технологиялары пайдаланылатын орталықта қазірдің өзінде сәндік гүлді және жемісті-көкөністі дақылдарды өсіру үшін энерго үнемді жылыжай сәтті жұмыс істеуде. Мұнда өсімдік өнімдерін гидропоникада өсірудің түрлі технологиялық тәсілдері қолданылады.

ҚазҰУ кампусы аумағында экологиялық тұрақты әрі қолайлы «жасыл» орта қалыптасуда. Суы тазаланатын арнайы құрылғылармен жабдықталған «Керенқұлақ» өзенінің сағасын ретке келтіру жұмыстары аяқталуға жақын. Өзен суы қолдан жасалған «Аквапоника» экожүйесінде қолданылатын болады. Бұл студенттер, университет

қалашығының қонақтары мен Алматы қаласы тұрғындары демалатын бірегей орын ғана емес, білімгерлерге бағалы әрі әдемі балықтар мен өсімдіктерді өсіріп, оларға күтім жасауды үйрететін тәжірибелік база болмақ.

ҚазҰУ ғалымдары «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысады. Олардың көмірсутекті газ қоспасын компоненттерге бөлу; жылу электр станцияларының тиімділігін арттыруға арналған плазмалы-отындық жүйелер; жылу және электр энергиясын алуға арналған автономды күн қондырғысы; планарлы концентрат қосылған кремнийлік күн батареясы сынды инновациялық жобалары мен технологиялары «Қазақстан» ұлттық павильонында ұсынылатын болады.

Баспасөз қызметі

Жалғасы. Басы 1-бетте

Үздік университет – үздік түлектер



Ректор құрал-жабдықтармен камтамасыз ету, үздік студенттерге шәкіртақы тағайындау, оқу орны дамуына демеулік қолдау көрсету арқылы университетке белсенді көмек беріп келе жатқан барша түлектерге алғыс білдірді. Түлектер қауымдастығымен бірге жоғары білікті маман даярлау, ғылымды қажетсінетін өнімдер шығару, еліміз үшін нағыз патриоттар мен азаматтарды тәрбиелеу бойынша заманауи жобалар жүзеге асырылып жатқандығын атап өтті.

Білім беру жүйесіндегі алғашқы ҚазҰУ дамуының эндаумент-қорын құрған Түлектер қауымдастығы оқу орнының дамуы, жас буын өкілдерінің заман талаптарына сай сапалы білім алуына сүбелі үлес қосып келеді. Бұл туралы университеттің 1981 жылғы түлегі, ҚР Жоғары Сотының төрағасы, ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының президенті, заң ғылымдарының докторы, профессор Қайрат Мами арнайы құттықтау хатында айтып өтті. «Мақсат – халықаралық білім, ғылым мен мәдениет орталығы ретінде ҚазҰУ-ды дамытуға көмектесу, оның халықаралық білім беру кеңістігіндегі рөлін, мәртебесі мен рейтингісін арттыру», – делінген хатта.

Университеттің әр жылғы толқын түлектері – еліміздің көшбасшы азаматтары, қоғам қайраткерлері, белді тұлғаларының университетке шынайы ықыластарын білдіріп, көмек көрсетуі – сөзіміздің айқын дәлелі. Мәселен, география және табиғатты пайдалану факультетінің түлектері – «Геостройизыскания» ЖШС бас директоры Денис Кузнецов пен осы мекеменің техникалық директоры Дмитрий Бедюров құны 99 млн теңге болатын 60 орынға шақталған оқу бағдарламасымен өз факультеттерін тегін қамтамасыз етті. «БиоКлин» ЖШС директоры Рамза Бержанова мен «Витас» ЖШС директоры Ахат Ахметов биология және биотехнология факультетіндегі аккредиттелген зертханаға құрал-жабдық сатып алу үшін 2 млн теңге көлемінде және «Ақтас асфальт зауыты» ЖШС басшысы Шыңғыс Рахманқұлов та эндаумент-қорға осы көлемдегі қаржы сертификатын табыстады. Математика факультетінің түлектері – Ақпарат және есептеу технологиялары институтының директоры Мақсат Қалимолдаев пен «Orsu Metals Corp» британдық ашық компания директоры Тахиржан Баратов та университетке қаржылық қолдау көрсетті.

Түлектердің альма-матерді қолдауы – әлемнің үздік жоғары оқу орындарында кең таралған үрдіс. Бұл көрсеткіш Гарвард, Йель, Оксфорд, Стэнфорд секілді университеттерге әлемдік рейтингтегі аса жоғары позицияны қамтамасыз етіп келеді. Сондай-ақ Түлектер күні игілікті іс жалғасын тауып, меценаттар 15 факультеттің ең озық студенттеріне шәкіртақы

табыстады. Сондай үздік түлектердің бірі – меценат, «Таң медиа групп» компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Арманжан Байтасов шарада сөйлеген сөзінде жүрек толқынысын былай жеткізді: «Мен бүгін толқып тұрмын. Осыдан 25 жыл бұрын осы саханада өзім де тұрған болатынмын. Сол бір кимас сезім бойымды қайта билегендей. ҚазҰУ халықаралық деңгейде мойындалған белді университеттер қатарында. Туған университет дамуына үлес қосу – мен үшін үлкен мәртебе», – деді ол. Жастардың арман-мақсаттарының жүзеге асуына мүмкіндік жасаған ҚазҰУ қызметін ерекше бағалаған ол бітірушілерге сәт-сапар тілеп, жеке куәлік табыстады.

Жиын барысында 1969 жылғы тарих факультетінің түлегі, Еуразия гуманитарлық

институтының ректоры Амангелді Құсайынұлы болашақ студент жастарға: «Сіздерді алда жаңа жетістіктер мен биік белестер, қиындығы мен табысқа толы ұзақ та қызықты болашақ күтіп тұр. Себебі, сіздер өмірлік қажеттілікке сай білімді әлемдегі беделді оқу орындарының бірі ҚазҰУ қабырғасында алудасыздар. Енді тек өз күш-қайраттарыңызға сенім артып, кез келген асуды бағындыруға тиіссіздер!» – деп үндеу тастады.

Кешегі аға буынның ізбасары, журналистика факультетінің биылғы жылғы бітіруші түлегі Мәди Ахметов: «ҚазҰУ түлектерінің өресі биік, білімі терең. Себебі, олардың ортасын қалыптастырған, алысқа қол созуына жол ашқан – ҚазҰУ. Біздің жетіліп, қалыптасуымызда білім ордасының қосқан

үлесі өлшеусіз. Мен ҚазҰУ-да білім алғанымға мақтанамын!» – деді сөйлеген сөзінде.

Өз кезегінде ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің шешімімен ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін бірқатар түлектерге «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» меретойлық медалі табысталып, Түлектер қауымдастығының әзірлеуімен және демеушілігімен жарық көрген «Біздің элита. Наша элита» атты екі томдық кітап сыйға тартылды. Қ.Мами хатында айтқандай, аталмыш кітап арқылы студент жастар ҚазҰУ-дың 450 көрнекті педагогы мен түлектерінің өмірбаяндық деректерінен мол мағлұмат, өнеге алатын болады.

Кеш барысында ұсынылған альма-матер жайлы фильм ҚазҰУ студенттері мен түлектерінің бойындағы мақтаныш сезімін үдете түскені байқалып тұрды. Студенттік көркемөнерпаздар ұжымының гала-концерті мерекені жандандыра түсті. Бұл күні бас қосқан курстастар, әр жылдардағы түлектер бірін-бірі көріп, тілдесіп қана қоймай, қайта оралмас студенттік жылдардың естеліктерін еске алудың тамаша мүмкіндігіне ие болды. Түлектердің жылы жүздесуі сағымға айналған сол бір жылдардың сағынышын басқандай. Жиырма, отыз, қырық, тіпті елу жылдықтарына жиылған түлектер өз факультеттерін аралап, оқытушылармен және студенттермен кездесті.

Ұмытылмас әсер сыйлаған ерекше күн Түлектер балына ұласып, бітірушілер жадында мәңгі қалды. Университет студенттерінен құралған дебютанттар полонез биін билеп, артынан Вена вальсімен көпшілікті тамсандырды. Ректор Ғалым Мұтановтың кештегі: «Бүгін сіздер шын мәнінде үлкен өмірдің табалдырығын аттағалы тұрсыздар. Біз сіздерге тек сапалы білім беріп қана қоймай, сонымен қатар әрқайсыңыздың бойыңызға азаматтық қасиеттерді сіңіре білдік деп ойлаймыз. Бұл қоштасу кеші. Алайда біз сіздермен қоштаспаймыз. Сіздер үшін ҚазҰУ есігі әрдайым ашық!» – деген сөзі бітірушілерге қанат бітіріп, қуаттандыра түсті.

Өз тілшімізден



ҚазҰУ-да «Медиа және PR-коммуникациялар: тұрақты даму стратегиясы» атты II Халықаралық PR Жазғы мектебі өтті

ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ

тенденции к гуманизации и демократизации педагогического процесса, ориентируют все его средства на приоритет общечеловеческих ценностей в сознании, поведении, деятельности. Настоятельная потребность в «очеловечивании» знаний выразилась в привлечении к содержанию обучения литературных и историко-научных сведений о жизни и творчестве писателей, историков, философов, естествоиспытателей, художников, чьи имена долгое время считались забытыми. Новизна и плюрализм мнений, взглядов, мыслей в литературе, науке, искусстве, открывшиеся широкой аудитории, вызвали буквально взрыв познавательной активности людей разных возрастов, резко повысили стремление к познанию, открыли «новую волну» в информатизации населения. В поликультурном мире, благоприятное развитие, которого немислимо без баланса интересов и ценностей, перед каждым культурным или этническим сообществом и, следовательно, перед каждым человеком встает проблема идентификации, которая связана с самопознанием в социальном, культурном, психологическом, субъектно-личностном плане. Понимание своей идентичности как историчности является основой воспитания гражданственности и патриотизма возрождения духовности, а также реализует потребность в изучении исторических корней, гарантирующих прочность и безопасность бытия. Сохранить идентичность – значит сохранить основы

социальности, культуры и она способствует становлению социально значимой ориентации, дающей возможность отождествлять себя с некими общепризнанными идеалами». В свете сказанного важным представляется обучение самопознанию и рефлексии студентов педагогических специальностей – будущих учителей и тех, кто обучается в системе профессионально-педагогической переподготовки кадров.

С внедрением модульного обучения на основе компетентностного подхода в системе профессиональной подготовки кадров, есть возможность добиться высокой степени интеграции на уровне как междисциплинарных, так и внутривидовых связей.

Поэтому в учебно-методических комплексах дисциплин разрабатываемых преподавателями кафедры педагогики и образовательного менеджмента значительная часть тематики силлабусов связана с целями самопознания и самореализации, тем более, что центральным моментом в педагогике и дидактике является доказательство рефлексивно-диалогического характера образовательного процесса как человека центристской модели учебно-воспитательного процесса.

Г.А.МАМЫРБЕКОВА,
к.п.н., доцент педагогики и образовательного менеджмента

Программная статья Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» акцентирует актуальные задачи духовно-нравственного воспитания, дает посыл педагогической общечеловечности. Трансформация с акцентом на углубление консолидирующих общенациональных ценностей является приоритетом духовного возрождения.

Все выделенные в статье направления педагогики и образовательного менеджмента модернизации предельно актуальны и четко выделяются в квалификационных требованиях к выпускникам высших учебных заведений. В этой связи следует отметить деятельность ППС выпускающей кафедры

по обновлению содержания образовательных программ по специальностям «5В010300 – Педагогика и психология», «5В012300 – Социальная педагогика и самопознание», в которых учитываются современные

БОЛАШАҚҚА БАТЫЛ ҚАДАМ

Жаһандану заманында «Мәңгілік ел» болуға ұмтылған әрбір мемлекет тіл саясатын барынша күшейтіп отыр. Біздің елімізде де тәуелсіздік алғалы айтылып жүрген мәселенің бірі – латын әліпбиіне көшу. Бұл тақырып тек лингвистикалық жағынан ғана емес, саяси-әлеуметтік тұрғыда өзекті. Осы бағытта ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғам алдына жаңа міндет жүктеді. ТҮРКСОЙ кафедрасы жанындағы «Құтты білік» клубы мүшелері жуырда аталған мәселені кеңінен талқылау мақсатында дөңгелек үстел өткізді.



Жиынға қатысушылар «Қазақстан латын қарпіне көшер болса, қандай қиыншылықтар туындауы мүмкін?» деген сұрақ төңірегінде сөз таластырды.

«Түркітану» мамандығының докторанты Өмір Тұяқбаев: «Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы жиырма бес жыл бойы талқыланып келеді. Шын мәнінде, қазақ қоғамы аталмыш мәселе бойынша нәтижелі талқылаудан гөрі әрқайсысы әр жаққа тартып, көп уақыт жоғалтты. Енді осы айтыстарға нүкте қойылғандай. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында латын әліпбиіне көшудің қажеттілігі баса айтылды. Біз де Елбасы ұсынысына қолдау білдіреміз!» – деп пікір білдірді.

Докторант Бауыржан Рахымбай: «Бұл мақалада әліпби мәселесі Елбасы тарапынан өткір де анық қойылды. Енді тек іске асыру жолдары тезірек қарастырылып, қолға алыну керек. Қазақ тілінің әліпби кестесін жасақтаумен іс бітпейді, ең бастысы оны тіл тұтынушыларының оңай да жеңіл қабылдауын қамтитын тетіктер, шаралар қажет. Соның ішінде жаңа әліпбиге негізделген орфографиялық және орфоэпиялық сөздік-

терден бастап, қолданушыға қажетті барлық ресурстар қолда боларлықтай әлеуетті әзірлеу де басты міндеттерге жатады», – деп, алда атқарылар ауқымды істерге тоқталды.

Магистрант Шахизат Сәрсен: «Латын әліпбиіне көшкен уақытта оның іске асуында көп қиыншылық болады деуге негіз жоқ. Өйткені бүгінгі таңда әсіресе жастар ағылшын тілін білгендіктен, латынға көшкеннің өзінде киналмай оқи да, жаза да біледі. Тіпті бүгінгі таңда ғаламторда олар латын әріптерімен жазып та жатыр. Қиыншылықтар, атап айтқанда 40-тың үстіндегі, ағылшын тілін мүлде білмейтін азаматтарда болуы мүмкін», – деген ойымен бөлісті.

Интеграцияға бейімделе бастаған түркі әлемі өзара мүдделес, мақсаттас, тарихы мен тамыры жақын бауырлас, туысқан елдермен бірігуге ұмтылады. Қазақстан үшін барлық түбі бір түркі тілдес мемлекеттермен бірігу қай жағынан болсын тиімді. Әліпби ортақтығы – түркі тілдес халықтардың ортақ рухани құндылықтарын тануға, тарихымызды тереңірек зерттеуге, жанаша саралауға, болашаққа ортақ жоспар құруға мүмкіндіктер береді.

Дөңгелек үстелге қатысқан кафедра ұстаздары да латын әліпбиіне көшудің артықшылықтарын тілге тиек етті. «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі. Ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс», – деді оқытушылар. Сананың жаңғыруы саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, оның негізгі өзегіне айналады. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Бұл рухани бірлікке, тұтастыққа жетудің жалғыз жолы – латынға көшу, осы тұста бүкіл түркі халықтарының сүйенер қалқаны, жаһандану теңізіне жүзер желкені түркі өркениетінің бірлігі болмақ.

Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА,
ТҮРКСОЙ кафедрасының доценті, ф.ғ.к

ЖИТЬ СОЗИДАЯ

9 июня доктор политических наук, профессор, заведующая кафедрой политологии и политических технологий КазНУ им. аль-Фараби Насимова Гульнар Орленбаевна отмечает свой юбилейный день рождения. Об этом удивительном человеке можно говорить и рассказывать много, настолько многогранна ее личность. Жизненный путь ее становления как ученого, профессионала и руководителя тесно связан с родным университетом. Это яркий пример преданности выбранному делу и науке, служения Отечеству и созидания.

Гульнар Орленбаевна родилась в г.Кызыл-орда, в очень дружной и интеллигентной семье. Жизненным ориентиром их фамилии всегда были любовь и уважение, стремление к новым знаниям, честность, порядочность и ответственность. Поэтому все дети в семье Насимовых, получив хорошее образование, успешно работают и стали хорошими семьянинами.

После окончания в 1994 г. Казахского национального университета им. аль-Фараби по специальности «Политология» вся дальнейшая трудовая и научная деятельность Насимовой Г.О. неразрывно связана с родной Альма-матер. Пройдя школу профессора Мустафина Т.Т., взяв все самое лучшее, Гульнар Орленбаевна стала прекрасным педагогом, ученым и руководителем.

В 2001 году она защитила кандидатскую диссертацию «Электоральное поведение граждан: зарубежный опыт и Казахстан», а в 2007 году - докторскую диссертацию «Технологии предотвращения и урегулирования политических конфликтов». В своих работах Насимова Г.О. показывает умение сосредоточиться на актуальном, выделить главное, отразить глубину мысли и логичность подачи материала, что служит примером для каждого, кто хочет стать ученым.

Гульнар Орленбаевна прошла хорошую школу профессионального роста. Трудовой путь она начала в 1994 году ассистентом и в разные годы работала старшим преподавателем, доцентом и профессором кафедры политологии, занимала должность начальника учебно-методического управления, ученого секретаря РУМС при КазНУ. С августа 2011 руководит кафедрой политологии и политических технологий факультета философии и политологии.

Должность заведующего кафедрой в ведущем вузе Казахстана — прекрасная возможность для самореализации, и одновременно — большая ответственность. Она требует глубоких знаний, лидерских качеств и твердого характера, душевных сил, и, конечно, оптимизма. Сегодня под руководством Гульнар Орленбаевны работает слаженный коллектив единомышленников, благодаря которым студенты осваивают непростую, но интересную профессию политолога.

Профессор Насимова мягкий человек с твердыми принципами. Когда дело касается интересов университета, кафедры и родного факультета она отстаивает их делая все возможное, мобилизует на это вверенный коллектив. Взвалив на себя большой груз административных забот, Гульнар Орленбаевна продолжает заниматься наукой. Она вносит неоценимый вклад в развитие политологии и политических исследований в Республике Казахстан. Особую роль в ее научной деятельности занимают исследования проблем модернизации казахстанского общества, развития избирательных технологий и решения политических конфликтов. Генерируя научные идеи и масштабные проекты, она охотно делится ими с коллегами и студентами.

Эффективный менеджер в высшей школе может состояться только при условии, что он пропитан духом исследовательского поиска, живет творчеством и понимает, в каком научном направлении должна идти вся команда коллег-единомышленников. Под руководством профессора Насимовой защитились несколько кандидатов наук и докторов PhD. Она автор более 130 научных и учебно-методических работ. Ее ученики и выпускники стали успешными руководителями, известными экспертами-политологами, востребованными

специалистами и руководителями в органах государственной власти, они трудятся в научных и учебных заведениях республики, в средствах массовой информации и общественных организациях.

Все достижения характеризуют ее как человека творческого, внимательного и созидющего. Ее заслуги отмечены благодарственным письмом Президента РК Назарбаева Н.А. Она является членом экспертного совета при Совете Безопасности РК, заведующим научно-аналитическим отделом научно-экспертной группы Ассамблеи народа Казахстана г.Алматы. Г.О.Насимова — член редакционного совета журналов «Казахстан-Спектр» и «Қоғам және Дәуір», выпускаемые Казахстанским институтом стратегических исследований при Президенте РК, а также редакционной коллегии российских журналов «Вопросы политологии», «Евразийский союз», «Известия Алтайского университета». Профессор награждена юбилейной медалью «80-лет КазНУ», почетной грамотой «За достойный вклад в укрепление единства народа Казахстана, общественного согласия и казахстанского патриотизма», является председателем диссертационного совета КазНУ, обладателем государственного гранта «Лучший преподаватель вуза - 2007 г.», руководителем ряда фундаментальных научных проектов.

Гульнар Орленбаевна требовательна к себе и другим, она высоко держит планку в работе. Под ее руководством кафедра политологии и



политических технологий стала лидером среди вузов-участников рейтинга Независимого Агентства Аккредитации и Рейтинга, все образовательные программы по специальности «Политология» прошли международную аккредитацию.

Высокий уровень профессионализма и эрудиции, жизненный опыт и мудрость в сочетании с высокой работоспособностью и организаторскими способностями позволили Насимовой Г.О. стать ученым-политологом и экспертом с большой буквы, известным не только в нашей стране, но и за ее пределами. Она неоднократно принимала участие в работе научных конгрессов, съездов и симпозиумов в Центральной Азии и Европе, России, США, Израиле и других странах. Под ее руководством продолжают развиваться международные контакты кафедры с зарубежными университетами и научно-исследовательскими институтами.

Целеустремленность, компетентность, умение работать с людьми, преданность делу помогают ей достигать поставленных целей. Она успешно совмещает общественную, педагогическую и научную работу с воспитательной. Ее доброта, сердечность, душевное тепло, креативность и коммуникабельность всегда притягивают молодежь. Несмотря на большую занятость, она никогда не забывает о своих студентах, которые постоянно чувствуют ее поддержку. Двери ее кабинета всегда открыты. И первое, что бросается в глаза, — большой книжный шкаф, фотографии коллектива, кубки, сертификаты и грамоты как гордость за высокие достижения кафедры и студентов.

В сложной и многогранной работе ее опорой является семья. Супруг Николай поддерживает ее во всех начинаниях, растет прекрасный сын — Кирилл, выбравший как и его мама научную стезю.

Уважаемая Гульнар Орленбаевна! Студенты, коллеги, сотрудники университета и друзья сердечно поздравляют Вас с юбилеем, желают крепкого здоровья, творческого вдохновения, семейного благополучия и дальнейших успехов в научно-педагогической деятельности.

Кафедра политологии и политических технологий



Филология және әлем тілдері факультетінде Аханов оқулары «XXI ғасыр филологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық конференция өтті

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Ту – мемлекеттің егемендік пен біртұтастықты білдіретін басты рәміздерінің бірі. Ту ежелден елдің халқын біріктіру және оны белгілі бір мемлекеттік құрылымға сәйкестендіру міндетін атқарып келеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында тік жолақ түрінде ұлттық өрнек нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:2. Геральдика дәстүрінде әрбір түс белгілі бір ұғымды танытады. Мәселен, аспандай көк түс адам бойындағы адалдық, тазалық, сенімділік, мінсіздік сияқты қасиеттерді білдіреді. Сонымен қатар, көк түс түркі мәдениетінде терең символдық мәнге ие.

Ежелгі түркілер аспанды тәңір-атаға балаған, ал олардың көк туы арғы ата-бабаларға деген адалдықты бейнеледі. Қазақстанның Мемлекеттік туында ол ашық аспанды, бейбітшілікті, игілікті білдірсе, түстің біркелкілігі еліміздің тұтастығын мензейді.

Мемлекеттік елтаңбаны таңдауда басты белгілер мифологиялық желі мен тарихи салт-дәстүр болды. Оны қабылдау үшін арнайы жұмыс тобы 245 жоба мен 67 жазба ұсыныстарды қарап шығып, белгілі сәулетшілер – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов салған нұсқаны мақұлдады.

Елтаңба («герб») термині немістің «erbe»(мұра) деген сөзінен шыққан. Мемлекеттің мәдени және тарихи дәстүрін бейнелейтін символдық мәні бар үйлесімді пішіндер мен заттардың мирастық ерекшелік белгісін білдіреді. Қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген қола дәуірінің көшпенділері кейін графикалықұғымы «таңба» деп аталған ерекше символ-тотем арқылы өздерін танытқанына тарих куәліктеп отыр. Алғаш рет бұл термин Түрік қағанаты тұсында қолданыла бастаған.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы дөңгелек нысанды. Бұл – Ұлыдала көшпенділері айрықша қастер тұтқан өмір мен мәңгіліктің символы. Мемлекеттік елтаңбаның орталық геральдикалық элементі



– көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – көлемдібес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес. Көк күмбезін еске салатын және Еуразия көшпенділерінің дәстүрлі мәдениетінде тіршіліктің негізгі бастауының бірі боп саналатын шаңырақ – киіз үйдің басты жүйе құраушы бөлігі. Республиканың Мемлекеттік елтаңбасындағы шаңырақ бейнесі – елімізді мекендейтін барлық халықтардың ортақ қонысының, біртұтас Отанының символы. Шаңырақтың мықтылығы мен беріктігі оның барлық уықтарының сенімділігіне

байланыстылығы секілді, Қазақстанда бақытқа жету әрбір азаматтың аман-есендігіне байланысты. Аңыздағы қанатты тұлпарлар Мемлекеттік елтаңбадағы өзекті геральдикалық элемент болып саналады. Бағзы замандағы тұлпар бейнесі батылдықты, сенімділікті және ерік күшін танытады. Пырақтың қанаты Қазақстанның көпұлтты халқының қуатты және гүлденген мемлекет құру туралы ғасырлар бойғы тілегін аңғартады. Олар – шынайы ой-арман мен ұдайы жетілуге және жасампаз дамуға ұмтылыстың көрінісі. Сонымен қатар, арғымақтың алтын қанаттары алтын масақты еске салады, қазақстандықтардың еңбексүйгіштігін және еліміздің материалдық игілігін танытады.

Өткен ғасырларда мүйіз көшпенділердің табынушылық ғұрыптарында, сонымен қатар, жауынгерлік тудың ұшына орнату үшін белсенді пайдаланылған. Көктің сыйын, жердің игілігін, жорықтың жеңісін әртүрлі жануарлардың

мүйізі арқылы бейнелеу көптеген халықтардың символдық композицияларында елеулі орын алды. Сондықтан молшылық әкелетін мүйізі бар қанатты тұлпар семантикалық және тарихи түп-тамырытерең маңызды типологиялық образ болып саналады.

Елтаңбада қолданылған негізгі түс – алтынның түсі. Бұл – байлықтың, әділдіктің және кеңпейілділіктің символы. Сонымен қатар, көгілдір аспан түстес тудың түсі алтынның түсімен үйлесім тауып, ашық аспан, бейбітшілік және бақуат тіршілік ұғымдарын танытып тұр.

Мемлекеттік әнұранның ең жақсы жобасы байқауында 51 ән, 132 өлең мәтінісіне түсті. 1944 жылы жазылған бұрынғы әнұранның әуені де байқауда қарастырылды. Бірнеше әуенді тыңдап шыққаннан кейін, осы музыкалық нұсқанықалдыру жөн деп табылды. Оның авторлары – М. Төлебаев, Е.Брусиловский, Л.Хамиди болатын.

1992 жылы 4 маусымда ұсыныстар мен естертулерді ескере отырып, Жоғарғы Кеңес Мемлекеттік елтаңбаны, туды және әнұранның музыкалық редакциясын бекітті. Сөйтіп, бұл күн – Тәуелсіз Қазақстан тарихында Мемлекеттік рәміздер қабылданған күн ретінде аса маңызды тарихи күн болып саналады.

2006 жылдың 6 қаңтарында еліміздің Парламенті Мемлекеттік әнұранды өзгерту туралы ұсынысты талқылап, әйгілі сазгер Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» атты әнін лайық деп тапты. Сөзін дарынды ақын Ж.Нәжімедінов жазған. Бірақ Елбасы оған уақыт, заман тұрғысынан өзгерістер енгізді. Осыны негіздей отырып Парламент депутаттары Нұрсұлтан Әбішұлын әнұранның сөзін жазған автор деп таныды.

Мемлекеттік рәміздерімізді қастерлеп, қасиеттеу – борышымыз. Көк аспанымызда тәуелсіздіктің көк байрағы мәңгілік желбірегей!

Б.Б. КӘРІБАЕВ,
т.ғ.д., профессор



Сборная КазНУ по баскетболу примет участие в международном турнире среди университетов в Ганконге

КАК ХОЧЕТСЯ ВЕРНУТЬСЯ В ДЕТСТВО!

Эту фразу можно было часто слышать во время празднования Дня защиты детей в КазНУ им. аль-Фараби.



14 лет. Батали за шахматными столами развернулись нешуточные, накалу страстей могли бы позавидовать и профессиональные шахматисты. Победители и призеры Олимпиады были награждены грамотами, шахматной литературой, конфетами. Участники соревнований получили грамоты и сладкие призы от профсоюза «Парасат».

Во Дворце студентов в честь международного дня защиты детей дети работников КазНУ смогли бесплатно посмотреть музыкально-комедийный вестерн по мотивам сказок Джоэля Харриса «Братец Лис и Братец Кролик» в постановке театра «Сезам». В восторге были и дети и родители.

«Лето начинается прекрасно. Моей дочери очень понравилось», — отметила профорг ФФиП Б.К.Кобекова. Ее поддержала профорг физико-технического факультета Ш.Б.Байгонатова: «Дети отдохнули от компьютера и мультфильмов, пообщались со сверстниками».

Праздник продолжился посещением музея биологического факультета. Детям были

предложены экскурсии на казахском и русском языках. Равнодушным не остался никто. Школьники внимательно слушали пояснения сотрудников музея, а малыши буквально замирали у чучел животных, которых они видели только на картинках или по телевизору. Особый интерес вызвали крупные животные — представители дикой природы. Сотрудники музея подробно рассказали об их особенностях и образе жизни. Очень заинтересовала юных посетителей экспозиция о жизни доисторического человека.

Председатель профсоюза «Парасат» работников КазНУ им.аль-Фараби Т.К.Мекебаев отметил, что с каждым годом участников детских конкурсов становится все больше, что очень радует представителей профсоюза. Ведь когда дети счастливы, родители работают с большей отдачей.

О.П. ЛОЖНИКОВА,
заместитель председателя профсоюза
«Парасат» работников КазНУ

«Егемен Қазақстан» газетінің 2017 жылғы 24 мамырдағы және «Қазақ университеті» газетінің 23 мамырдағы нөмірлерінде жарияланған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ОПҚ мен қызметкерлерінің бос жұмыс орындарына байқау жариялау туралы хабарламада филология және әлем тілдері факультетіне қатысты қателік жіберілуіне байланысты аталған факультет бойынша хабарландыруды қайта жариялап отырмыз.

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ – 50

1. Декан – 1
2. Қазақ тіл білімі кафедрасы: профессор – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 2; оқытушы – 2.
3. Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы: профессор – 2; доцент – 2; аға оқытушы – 2;
4. Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы: профессор – 1; доцент – 2; аға оқытушы – 3.
5. Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 5.
6. Шет тілі кафедрасы: доцент – 1; аға оқытушы – 2.
7. Орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасы: профессор – 1; доцент – 1; аға оқытушы – 4.
8. Шет тілі кафедрасы: кафедра меңгерушісі – 1; аға оқытушы – 17.

В объявлениях, опубликованных в «Егемен Казахстан» от 24 мая 2017 года и газете «Қазақ университеті» от 23 мая 2017 года произошла техническая ошибка, относительно вакантных мест факультета филологии и мировых языков Казахского национального университета имени аль-Фараби, поэтому дополнительно публикуем информацию по названному факультету.

ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОЛОГИИ И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ - 50

1. Декан – 1
2. Кафедра казахской литературы и теории литературы: профессор – 1; доцент – 2; старший преподаватель – 3.
3. Кафедра казахского языкознания: профессор – 1; доцент – 1; старший преподаватель – 2; преподаватель – 2.
4. Кафедра русской филологии и мировой литературы: профессор – 1; доцент – 1; старший преподаватель – 4.
5. Кафедра общего языкознания и европейских языков: заведующий кафедрой – 1; доцент – 1; старший преподаватель – 5.
6. Кафедра иностранной филологии и переводческого дела: профессор – 2; доцент – 2; старший преподаватель – 2.
7. Кафедра иностранного языка: заведующий кафедрой – 1; старший преподаватель – 17.



Тәртіп пен қауіпсіздік жолында



Мұрат Тастанбековтің ҚазҰУ-дағы Жас ғалымдар үйінің қауіпсіздік қызметінде жұмыс жасап келе жатқанына екі жыл уақыт өткен. Әскери салада жұмыс жасап келген Мұратқа тәртіп пен қауіпсіздік етене таныс.

Күнара ауысып келетін кезекшілік жұмысы таңертең басталады. Орталық базада кезекшілікті қабылдап алған соң бөлмелерді, өрт сөндіру құралдарын, жарық жүйесінің жұмыстары мен су құбырларын, асхана кезекшіліктері мен бөлме кілттерін толық тексеріп алады. Одан бөлек студенттердің кіріп-шығуы, бөгде адамдардың келмеуі, техникалық шағымдар бойынша тиісті мамандармен хабарласу секілді жұмыстар бірінен соң бірі жалғасып кете береді. «Бастысы – өз қызметіне жауапты болу», — дейді ол.

Мұрат тәртіпті сүйеді. Оның білімі де осыған салалас. Құқықтану мамандығын тәмамдаған. Әскери салада да еңбек етті. Қазіргі жұмысының да осы бағытта болуы бекер емес. Қауіпсіздік мәселесіне қырағы қарайтын Мұраттың алда өз саласында тікелей қызмет етеріне сенімі зор. Ол қарапайым саладан мол тәжірибе жинап келеді. Көпшілікпен жұмыс жасайтын орында шыңдалсаң, еңбекте алар асуын биік болары сөзсіз.

500 орындық Жас ғалымдар үйінің бір қанаты қонақ үй кешенімен жалғасқан. Университетке келген қонақтар мен оқытушы-профессорларға ұсынылатын бұл қонақ үйі қауіпсіздігі де осында жұмыс істейтін үш бірдей қызметкер – Раушан Бейсенбаева, Ғалымжан Әлботаев және біздің кейіпкеріміз Мұрат Тастанбековтің мойнында.

Ең қызығы, мұнда алыс-жақын шет елдерден қонақтар көп келеді. Мұратпен әңгімелесу барысында жапондық оқытушының оған бар ынтымақпен қазақ тілінде сөйлегеніне куә болдық. Шетелдіктердің мемлекеттік тілімізге деген құрметін ұлттық университет қабырғасынан көріп, ерекше қуандық. Шетелдік қонаққа Мұрат асқан ыждаһаттылықпен жауап берді. Өз ісіне адал жақсы жанмен бірге өткен уақыт сырғып өте шықты.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Суретті түсірген автор

ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ СӨЗ БОЛДЫ

Философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасында «Жастар мәселесі» тақырыбында сұхбат өтті.

Кафедраның білікті мамандары жастар арасындағы суицидтік көрсеткіштердің аяндаушылық тудыратынына назар аударды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жыл сайын әлемде 800 мың суицид іске асады екен. Оның ішінде екінші орынды 15-29 жас аралығындағы жас адамдар иеленуде. Ал, ТМД елдері ішінде Ресейден кейінгі екінші орын Қазақстанға тиесілі.

Жиында бас қосқан ғалымдар мен студенттер суицидтің психикалық ауру әсерінен, келенсіз өмір жағдайларынан және рухани күйзелістің ұлғаюынан жасалатындығын айтты. Олардың айтуынша, мұндай мінез-құлықтың үш түрін бөліп көрсетуге болады: демонстративті, аффективті, шынайы. Жасөспірімдер арасында өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау жиі кездеседі. Бірақ суицидалды мінез-құлық бұл жаста көп жағдайда демонстративтік сипат алады, яғни жасөспірімдердің 10 пайызы ғана шынайы өлгісі келеді, ал 90 пайызыныкі ішкі проблемасын шешуге көмекке шақырған «жанайқайы».

Жалпы суицидке бейім адамдардың анықтаушы белгілері: өзіне деген сенімсіздік; оптимизмнің төмен болуы; өз-өзін кінәла сезімі; өзін қорғансыз сезінуі; инфантилизм (дамудағы тежелу), мінез-құлық құрылымының өзгеруі, түйықтық және көпшілікпен араласудағы қиыншылықтар, тұлғааралық қатынастардың бұзылуы, шешім қабылдауға жігерсіз болуы; қоршаған әлемге қызығушылығының болмауы. Демек, суицидалды мінез-құлық ішкі және сыртқы жағдайлардан құралады. Ішкі – суициденттің ой-сезімдері. Сыртқы – әлеуметтік фактор.

Сондай-ақ басқосуда гуманитарлық ғылым өкілдерінің негізгі миссиясы – жасөспірімдер бойындағы суицидтік әрекетке апаратын бейімділіктерді анықтау және алдын-алу екені тұжырымдалды. Сол мақсатта әрбір дәріс барысында өмірлік мәнді құндылықтарды насихаттау, студент жастарға өмірдің қиыншылықсыз болуы мүмкін емес екенін жеткізу қажеттілігі баса айтылды. Адам өз мақсатына жету үстінде қиыншылықтармен күресе отырып шыңдалатынын, жетілетінін, рухани қанағаттанатынын түсіндіру де маңызды. Адам неғұрлым әлеуметтік ортаға жақсы бейімделсе және шығармашылықпен шұғылдана, соғұрлым өмірге құштар болатындығы атап көрсетілді.

Гәуһар АБДРАСИЛОВА

ҚазҰУ-дың «Парасат» кәсіподағы Балаларды қорғау күніне орай университет қызметкерлерінің балаларына арнап мерекелік шаралар өткізді

Жалғасы. Басы 1-бетте

Үздік университет – үздік тұлғалар



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
 Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Жазгерке ҚАРАТАЕВА**
 Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
 Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
 Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
 Байланыс телефоны:
 377-33-30, ішкі: 11-94,
 тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
 беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
 қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17
 Тел: 8 (727) 273 - 12 - 04

**Бағасы келісім бойынша.
 Таралымы 1000 дана
 Тапсырыс: №3018**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.